

партнерства // Казахстанская правда. 24.02.2010.

10. Казинформ. 23.02.2011.

А.Д. Құрманалиева

## БІРЛІГІМІЗ ЖАРАСҚАН БОЛАШАҚҚА ҚАДАМ – БІЛІММЕН

Елбасының биылғы жолдауы «ғұмырын ел тағдырымен еншілес» деп білетін көшбасшының «мерейлі белестегі атқарған істерді қорытындылап, болашаққа бағдар жасауы» болып табылады. Биылғы жолдау ел тәуелсіздігінің жиырма жылдық мерейтойы қарсаңында қол жеткізген нәтижелерге баға беріп, тәуелсіздік тұғырын баянды ету ісінде болашақтың іргесін бірге қалау үшін алдыңғы онжылдықта қандай жұмыстар атқарылуы тиіс деген міндеттерді айқындауға арналған.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында бүгінгі алынған белестер орындалуы күмәнді болып көрінгені рас. Дегенмен, елбасының сарабал саясаты, халықтың ауызбіршілігі, елбасына деген сенімінің нәтижесінде бүгінгі барымызға ие болып отырмыз. 1996 жылдан бері халыққа арналып келе жатқан жолдау әр жылға белгілі міндет қойып отыруымен маңызды. Ел бағытын айқындауда шешуші маңызы бар «Қазақстан-2030» Жолдауы 1997 жылы жарияланып, сол жолдауда мақсат етілген межеге біз 33 жылда емес, 13 жылда қол жеткізгенімізді Елбасы биылғы жолдауында ерекше атап өтті.

Қазақстан Президентінің халыққа *Жолдаулары – тәуелсіз елдің даму тарихының айқын көрінісі*. Әр жылғы Жолдауға зер салып қарасак, ел дамуының алынған белестері айқын көзге түседі. Алғашқы жылдары елдегі жағдай мен ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары анықталып, қоғамды демократияландырудың, жаңа ғасырдағы экономикалық және саяси реформа жасаудың маңыздылығы негізделген, елдің жаңа ғасырдағы тұрақтылығы мен қауіпсіздігін бекітуге басты назар аударылған (*Жолдау, 1998-2003 жж.*)

Елдегі тұрақтылық Қазақстанның бәсекеге қабілетті экономикасын құрудың іргетасын қалыптастырып, Қазақстанның экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолындағы басымдықтарын анықтауға мүмкіндік туғызды, соның негізінде өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында әлемдегі бәкеге қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясын бекітті (*Жолдау, 2004-2006 жж.*).

«Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» – Қазақ елінің әлемдік деңгейдегі жаңа серпілісі, Қазақстанды жан-жақты жаңартудың жаңа кезеңіндегі басты басымдықтары мен ішкі және сыртқы саясаттың аса маңызды 30 бағыты тұжырымдалып, Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыруды мемлекеттік саясаттың басты мақсаты ретінде бекіткен кезең (*Жолдау,*

*2007-2008 жж.*). Қазақ елі әлемдік дағдарыс кезеңінде де сабырлық сақтап, «Дағдарыс арқылы жаңару мен дамуға» (*2009 ж. Жолдауы*) бет бұрып, бұл жағдайдан да лайықты шығуға жол тапты (*2010 ж. Жолдауы*). Ендігі ретте болашақтың іргесін бірге салуға ниеттеніп, Елбасымен ел тағдырын біріктіре отырып, алға қойылған орындалар армандарға қадам басып отыр (*2011 ж. Жолдауы*).

«*Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!*» деген тақырыппен арналған биылғы Жолдау ерекшелігі – әлеуметтік бағдарлануында, «әлеуметтік жаңғырту – жаңа әлеуметтік саясатты» бекітуінде. Әсіресе, білім мен ғылым саласындағы модернизациялардың анықталуы қазақстандық ғалымдар үшін аса маңызды. Елбасы өз Жолдауында «бизнес қуатты болса, мемлекет те қуатты деген қағидаттың жақтаушысы» екенін атап кетті. Ал бизнестің қуаттылығы сапалы білім арқылы жүзеге асады, мұны көрегендікпен түсініп отырған Елбасы білім мен ғылымға үлкен сенім артып отыр. Елбасының «Назарбаев университеті» іргесінде бүгінгі бәсекеге қабілетті нарық сұранысына бағдарланған жоғары оқу орнының инновациялық моделін негізге алуы – осының дәлелі. Бұған қоса, «*инновациялық қызметті жүзеге асыратын және ғылыми зерттеулердің нәтижелерін өндіріске енгізетін жоо-лардың үлесін 5 пайызға дейін арттыру*» білім мен ғылым саласының ренессанстық кезеңін белгілеп отыр. *Үздік әлемдік университеттер рейтингіне* кем дегенде *екі жоғары оқу орнын қосу* міндеті – батыл да сенімді қадам.

Бүгінгі таңда білім беру саласында көптеген модернизациялар жүргізіліп жатыр: бағдарламадағы өзгертулермен қатар, мектептердің, жоғары оқу орындарының материалдық базасы жетілдірілуде. Алыстай қоймаған өткенімізде жалпылай компьютерлендіру елес секілді көрінсе, бүгінде қолжетімді дүниеге айналды. Орта білім берудің 12 жылдық моделі, кәсіптік және техникалық білім берудің мазмұнының жаңартылуы, электронды оқыту, зияткерлік мектептер арқылы жоғары оқу орындарына дарынды шәкірттер дайындау, жоғары оқу орындарына қойылатын жаңа талаптар, магистрлар мен PhD докторларды дайындау арқылы университеттік білімді жаңа деңгейге көтеру бірқатар инновациялық жобаларға бастама болатыны анық.

*Заманауи беделді университет нарық қажеттілігіне жұмыс істеу керек.* Алынған

білім кәсіпорындарда жалғасын тауып, ғылыми ашылымдар ел экономикасын жаңа деңгейге көтеруге ықпалдасса, мемлекет қуаттылығының көзі осында. Осы ретте Елбасының «*өмір бойы білім алу*» әрбір қазақстандықтың жеке кредосына айналуы тиіс» деген сөздері әрбір саналы азаматтың ұстанымы болуға міндетті. Әрине мұндай жоғары міндеттердің қойылуы

жалаң сөзге негізделмеген. Бұл игі іске мемлекет тарапынан қолдау мол. Жолдауда көрсетілгендей, ата-ананың баласына білім беруге жинаған қаржылық салымдары мемлекеттен алынған пайыздық бонустармен марапатталуына жаңа мүмкіндіктер жасауға міндеттердің қойылуы мемлекеттің болашаққа білім арқылы салынған жолын негіздейді.

**Б. Шайкенов**

### КОММУНИКАТИВНАЯ И ИНТЕГРАТИВНАЯ РОЛЬ КЫРГЫЗСКОГО ПАРЛАМЕНТА

В понедельник, 20 декабря 2010 года, спустя два с лишним месяца, прошедших после выборов, Президент Кыргызской Республики, обращаясь к Жогорку Кенешу, начала свою речь с упоминания Великого Кыргызского Кочевья, которое прошло на своем пути через многие века. Опираясь на наше Кочевье, хочу напомнить, заявила она, что мы стоим перед большим испытанием. В Центральной Азии, да и во всем Содружестве Независимых Государств мы первыми переходим к парламентской форме правления. Это – начало нового политического витка в нашем развитии.

Вокруг столь необычного постулата, употребленного Розой Исаковной Отунбаевой, в обществе возникло мощное турбулентное движение. Интернет-пространство, СМИ - все пытались высказаться в том смысле, что это призыв к возврату в прошлое.

В этой связи позволю себе напомнить, что чуть больше столетия назад, в августе 1905 года, император Николай II издал манифест, провозгласивший создание Государственной думы как «законосовещательного представительного органа». Этим документом монарх дал знать Российской империи и всему миру, что согласен с идеей создания в стране парламента. Это было знаковое событие в политической истории, ведь после упразднения Петром I земских соборов страна очень долгое время жила вообще без общенационального представительного учреждения. Как известно, Николай II решил встать на путь конституционной реформы во многом под напором революционных событий 1905 года. И тогда в спешном порядке были разработаны правовые акты о создании Государственной думы, соединившей образовавшиеся в России партии, фракции и представителей национально-освободительного движения народов колониальных окраин. Так на

очередном заседании совета в Петергофе был специально рассмотрен вопрос об участии кочевых народов в выборах. То есть у Президента переходного периода – Розы Отунбаевой были все основания для упоминания термина Великого Кыргызского Кочевья, которое проделало длительный, полный драматизма путь, прежде чем прийти к парламентарной форме правления.

Как бы там ни было, но кыргызское общество вздохнуло с облегчением. Президент переходного периода утвердила состав правительства, которое, наконец-то, сформировала парламентская коалиция. Должности в новом правительстве фракции, сформировавшие коалицию, поделили следующим образом. 10 министерских постов (включая премьерский и два вице-премьерских) – достались СДПК, 7 – партии «Республика», 6 – «Ата-Журту». Ещё двух «силовых» членов правительства – министра обороны и главу ГКНБ – президент Отунбаева, в соответствии с новой Конституцией, назначила сама. Таким образом впервые на постсоветском пространстве со второй попытки появилось полнокровное парламентское государство.

В Кыргызской Республике раньше, чем в других республиках Средней Азии, появились демократические институты и возникла демократическая оппозиция. Так еще в 1988–1991 были созданы несколько массовых политических организаций, оформленных как партии или народные движения. В 1990 г. силы оппозиции объединились в Кыргызское демократическое движение (КДД). В нее вошли – партия национального возрождения «Асаба»; движение «Ашар»; Демократическая партия свободной Киргизии (радикальных демократов); «Народное единство» (левоцентристы); Союз гражданского согласия; Аграрная партия. В 1992 г. от